№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

# «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қаржылық сауаттылық» сюжеттік-рөлдік ойындардың конспектісі. «Жұлдыз» ересек қазақ тобы.




Тәрбиеші: Койшина А.К

Ақтөбе,2026жыл

**Білім беру саласы:** *Әлеумет / Таным*
**Тақырыбы:** «Дүкен» (Қаржылық сауаттылық)
**Мақсаты:**
Балалардың қаржылық сауаттылығы бойынша бастапқы түсініктерін қалыптастыру, ақшаны дұрыс қолдануға үйрету.
**Міндеттері:**
**Білімділік:**

- ақша (теңге), баға, дүкен, әмиян, банкомат туралы түсінік беру

**Дамытушылық:**

- заттарды салыстыру, таңдау жасау қабілетін дамыту
- көзбен өлшеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту
- ұсақ қол моторикасын дамыту

**Тәрбиелік:**

- үнемшілдікке тәрбиелеу
- тәртіпке, мәдениетті сөйлеуге үйрету

**Қажетті құралдар:**

- ойын ақшалар (теңге)
- әмиян
- дүкен сөресі (ойыншық азық-түлік макеті)
- баға жазылған қағаздар
- банкомат макеті (қағаздан)
- касса (ойыншық)

**Әдіс-тәсілдер:**
Сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, көрсету, қайталау, мадақтау.
**Іс-әрекет барысы**
1) Ұйымдастыру кезеңі
Балалармен амандасу.
**Шаттық шеңбері:**
«Біз ақылды баламыз,
Ақшаны да санаймыз.
Дүкенге де барамыз,
Үнемшіл боп өсеміз!»
**2) Кіріспе әңгіме**
Тәрбиеші сұрақ қояды:

- Балалар, дүкенге барасыңдар ма?
- Дүкеннен не сатып аламыз?
- Ақша не үшін керек?

Балалардың жауаптарын тыңдау.
**3) Негізгі бөлім**
🟡 **1-ойын: «Теңге алу»**
Тәрбиеші балаларға әртүрлі ойын ақша таратады.
Тәрбиеші:
– Мынау не?
(Балалар: ақша, теңге)
Балалар ақшаны санайды.
🟡 **2-ойын: «Әмиян»**
Балалар ақшаны әмиянға салады.
Тәрбиеші:
– Ақшаны қайда сақтаймыз?
(Балалар: әмиянда)



**3-ойын: «Банкомат»**

Тәрбиеші банкомат макетін көрсетеді.
Тәрбиеші:
– Банкомат не үшін керек?
(Балалар: ақша алу үшін)
Балалар кезекпен банкоматтан «ақша алады»



**4-ойын: «Дүкен»**

Балалар рөлге бөлінеді:

- сатушы
- кассир
- сатып алушы

Сатып алушылар тауар таңдайды.
Ақшасын санап береді.
Сатушы қайтарып береді.



**5-ойын: «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»**

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

- 100 теңге болса, не аласың?
- Ақша жетпесе не істейміз?
- Артық зат алуға бола ма?

Қорытынды:
Ақшаны үнемдеп жұмсау керек.



**6-ойын: «Айырмашылығын тап»**
Балаларға 2 сурет беріледі (2 дүкен заттары).
Балалар айырмашылықты табады.
Бұл ойын:

- көзбен көруді
- есте сақтауды
- ойлауды дамытады.





**4) Сергіту сәті**
«Дүкенге барамыз» қимылды жаттығу:

- жүрдік-жүрдік
- сөреге қарадық
- затты таңдадық
- ақшаны санадық
- сөмкеге салдық

**5) Қорытынды бөлім**
**Сұрақ-жауап:**

1. Ақша не үшін керек?
2. Ақшаны қайда сақтаймыз?
3. Дүкенде қалай сөйлесу керек?
4. Ақшаны қалай жұмсаған дұрыс?

Күтілетін нәтиже:
Балалар:

- ақша, дүкен, баға туралы түсінеді
- ақшаны санап қолдануды үйренеді
- үнемшілдікке дағдыланады
- қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады

№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы

# Сюжеттік-рольдік ойын «Дүкенші»



«Балақай» мектепалды тобы

**Тәрбиешілері:** Қойшина А.Қ

Ильясова М.У

Мазмұнды сюжеттік ойын

**Тақырыбы:** «Дүкенші»

**Білімділік мақсаты:** Балаларға дүкен, дүкенші (тұтынушы туралы түсінік беру) Дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық, аяқ киімдер, ыдыстар т. б. ақшаға алатыны туралы түсінік түсіндіру.

**Дамытушылығы мақсаты:** Сұрақ - жауап арқылы балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту., балалардың қызығушылығын кеңейту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Балаларды адамгершілікке инабаттылыққа баулу және достасып, бірігіп тату ойнауға тәрбиелеу.

**Керекті құралдар.** Өлшеуіш, касса, тағам түрлері ыдыстар ақша т. б. дүкенге байланысты заттар.





МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

# "Кішкентай сатушы,дүкен"

## «Күншуақ» мектепалды тобы

Тәрбиешілер: Ермағамбетова.Ш.Ж

Шуюншалиева.Н.А

*"Кішкентай сатушы,дүкен" - сюжеттік-рөлдік ойындар.*

**Мақсаты:** *Балалардың қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерін жетілдіру, заттарды тексеріп қарау, зерделеу, оларды көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды дамыту.*

*Балаларға дүкен, дүкенші (тұтынушы туралы түсінік беру) Дүкен адамдарға өте қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық, ақ киімдер, ыдыстар т. б. ақшаға алатыны туралы түсінік түсіндіру.*
*Дамытушылығы мақсаты: Сұрақ - жауап арқылы балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту., балалардың қызығушылығын кеңейту.*
*Тәрбиелік мақсаты: Балаларды адамгершілікке инабаттылыққа баулу және достасып, бірігіп тату ойнауға тәрбиелеу.*
***Керекті құралдар.*** *Өлшеуіш, касса, тағам түрлері ыдыстар ақша т. б. дүкенге байланысты заттар.*
***Ұйымдастыру сәті:***
*Анаң сенің бағанда*
*Алма сатып әперді*
*Ең үлкенін, тәттісін*
*Саған таңдап әперді*
*Алманы анаң қайдан алды?*
*Алманы кім сатты.*
*Алманы дүкеннен сатып алды.*
*Иә балалар*
*Бүгін біз дүкен ойынын ойнап көрелік.*
*Балалар мен сендерге ойын шартын түсіндірейін.*
***Ойын мазмұны.*** *Тәрбиеші алдымен дүкенмен таныстырады. Онда дүкенші болатынын айтып түсіндіреді. Содан соң балалардың ішінен біреуін дүкенші етіп тағайындайды, ал қалған балалар сатып алушылар немесе клиенттер. Дүкенші өз формасын киеді. Дүкенге кірген кезде*
*- Сәлеметсіз бе*
*- Саламатсыз ба*
*Дүкенші: менің сізге қандай көмегім керек?*
*- Маған бір дана алма, екі дана апельсин керек еді.*
*- Міне, жейіңіз*
*- Қанша төлейін*
*- 2 теңге*
*- Рахмет*
*- Ас болсын*
*- Сау болыңыз.*



*Сатушы:- Саламатсыз ба*
*Тұтынушы - Сәлеметсіз*
*- Мен немереме тәтті жүзім алайын деп едім?*
*Сатушы: мына жүзім өте дәмді.*
*- Ендеше маған содан 1кг өлшеңізші*
*Тұтынушы: Мінекейіңіз.*
*Сізден 3 теңге*
*- Рахмет*
*- Сау болыңыз?*





*Ендеше ойын ойнайық ойынның аты «Жемістер мен көкөністерді жинау.».*
*Ойын шарты: жерде шашылып жатқан жемістерді бір бөлек көкөністерді бір бөлек себеттерге жинау.*
*- Жарайсыңдар балалар.*
*Енді өз орнымызға жайғаса қойық.*
*Балалар біз бүгін қандай ойын ойнадық?*
*Мазмұнды ойын не туралы ойнадық*
*Бүгінгі мазмұндық ойынымыз аяқталды. Топқа барып ойынымызды жалғастырамыз.*
*Сау болыңдар.*

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

# Тақырыбы:Ұлттық ойын-ұлт қазынасы

2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы: Денсаулық
Ұйымдастырылған іс – әрекет: Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»
Сабақтың мақсаты:
1. Білімділік: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру.
2. Дамытушылық: Қазақ халқының ерлік – жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
3. Тәрбиелік: Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.
Қажетті құралдар: Арқан, Жылқы, Теңге, Қамшы.
Құрметті ұстаздар мен тәрбиешілер! Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! Топ арасындағы жарысқа топтарды ортаға шақырайық.
Қаражорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Тәрбиешілер: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - атты жарысымызды бастаймыз.
Бүгінгі жарысқа қатысуға екі топ келіп тұр. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер.

Ал, құрметті халайық
Жарысты енді көріңіз
Әділ қазы алқасы
Әділбаға беріңдер
- дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

Балалар, сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.
Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:
1. Бәйге
2. Арқан тартыс

3. Теңге алу
4. Қол күрес
5 Ақсерек - көксерек

Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»
Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары ( арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»
Ойын шарты. Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.
Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»
Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қоңды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»
Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Ойын: Ұлттық ойын: «Ақсерек - көксерек»
Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20 - 30 қадам.
1 - топ. Ойынды бастайды:
Ақсерек - ау, ақ серек
Бізден сізге кім керек.
2 - топ Ойынды жалғастырады
Ақсерек – ау, ақ серек
Жаман – жаман бала аты (бала аты) керек.
Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

«Көбелектер» ересек казақ тобы

Тақырыбы: Ақшаны қалай жұмсаймыз

Өткізген: Тажбагамбетова М.М

Тақырыбы: Ақша қалай жұмсаймыз

Мақсаты: Балалардың қаржы туралы негізгі түсінігін қалыптастыру, ақшаны үнемдеу және жауапты түрде жұмсау дағдыларын үйрету

Сабақтың құрылымы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шеңберге отырғызу.

Көңілді өлең айтып, балалардың назарын сабаққа аудару.

Мысалы:

"Біз бәріміз дос боламыз,

Ақшаны дұрыс жұмсаймыз!"

2. Таныстыру

Тақырыпты түсіндіру:

Ақша – бұл біз ойыншықтар, тәттілер, киім және басқа да заттарды сатып алуға қолданатын құрал.

Ақшаны ата-анамыз жұмыста еңбектеніп табады.

Қарапайым сұрақтар:

"Сендер ақшаны қайдан көрдіңдер?"

"Ақшаны қалай қолданамыз?"

Көрнекілік:

Әртүрлі монеталар мен қағаз ақшалардың суретін көрсету.

3. Ойын түрінде білім беру

Ойын: "Дүкенші"

Балаларға шағын дүкен ұйымдастыру (жемістер, ойыншықтар, тәттілер).

Әр балаға ойыншық ақша таратылады.

Бір бала дүкенші, қалғандары сатып алушылар болады.

Мақсаты:

Балалар ақшаны дұрыс санауды және өз қалауын таңдауды үйренеді.

Сұрақтар:"Егер сенде көп ақша болмаса, не таңдар едің?"

"Ақшаны қалай жинауға болады?"

4. Ақшаны үнемдеу туралы түсінік

Суретпен жұмыс:

Шошқа банкісінің суретін көрсетіп, "ақша жинайтын ыдыс" ұғымын түсіндіру.

"Неге ақшаны жинау маңызды?" деген сұрақ қою.

5. Сабақты қорыту

Балалардан сабақтан не түсінгендерін сұрау.

Мысалы: "Бүгін ақшаны қалай дұрыс пайдалану керектігін үйрендің бе?"

Балаларды мақтап, алғыс айту.

 

*Ендеше ойын ойнайық ойынның аты «Жемістер мен көкөністерді жинау.»*
*Ойын шарты: жерде шашылып жатқан жемістерді бір бөлек көкөністерд бір бөлек себептерге жинау.*
*- Жарайсыңдар балалар.*
*Енді өз орнымызға жайғаса қойық.*
*Балалар біз бүгін қандай ойын ойнадық?*
*Мазмұнды ойын не туралы ойнадық.*
*Бүгінгі мазмұндық ойынымыз аяқталды. Топқа барып ойынымызды жалғастырамыз.*
*Сау болыңдар.*